ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«04» қаңтар 2018 ж./г.

№ 01

Айтеке би кенті

кент Айтеке би

Мемлекеттік органдарды біріктіру жолымен қайта құру туралы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңдарына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазалы ауданының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Қазалы ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылсын.

2. Қоса берілген «Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

3. «Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы құрылтай құжаттарын әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ **М. ЕРГЕШБАЕВ**